

Ү.М. Есенбекова^{1*}, А.А. Сыздықова¹,Н.М. Рахымбаев¹, А. Құтым²¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан²Назарбаев университеті, Астана, Қазақстан

*e-mail: ultmudde@mail.ru

ҚАЗАҚ МЕДИАСЫНЫҢ СӨЗ БАЙЛЫҒЫ: «ЕГЕМЕН ҚАЗАҚСТАН», «ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ» МЕН «АЙҚЫН» БАСЫЛЫМДАРЫНЫҢ МАТЕРИАЛДАРЫН, ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕГІ ЖАЗБАЛАРДЫ ТАЛДАУ

Мақалада қазақ бұқаралық коммуникация құралдарында жарияланған мәтіндердегі сөз байлығы мен мәтін жазушылардың сөздік қорының сапасына талдау жасалған. Мәтіндердің сандық және сапалық өлшемдерін бағалауда BirOtan lex онлайн сервисі қолданылды. Зерттеуде 1990–2024 жылдар аралығында «Егемен Қазақстан», «Қазақ әдебиеті» мен «Айқын» газеттерінде, сондай-ақ Facebook және Twitter (қазір X) әлеуметтік желілерінде жарияланған материалдардың лексикалық байлығының өзгеру динамикасы қарастырылған.

Зерттеудің негізгі болжамы – технологиялық жаңашылдықтар мен коммуникациялық процестер қазақ тілінің лексикалық байлығына кері әсерін тигізуде. Атап айтқанда, мәтін жазушылардың сөз байлығы мен жалпы контенттегі сөздік қордың азаю тенденциясы байқалады. Бұл қазіргі мәтіндердегі лексикалық саналуандықтың шектелуіне әкелуде. Авторлар әлеуметтік медиа сияқты цифрлық платформаларды пайдалану сөздік қордың азаюына және тілдің жұтаңдануына ықпал ететінін атап өтеді. Бұл талдау қазақ тілінің жаңа медиа ортадағы бүгінгі жай-күйі туралы қорытынды жасауға мүмкіндік беріп, жедел технологиялық өзгерістер жағдайында тілді қолдану ерекшеліктерін анықтайды.

Зерттеу жұмысында қазіргі ақпараттық дәуір жағдайында қазақ тілін сақтау және оның лексикалық қорын дамытудағы медиа алаңдардың рөлі туралы маңызды тұжырымдар жасалады. Авторлар қазіргі медиа-ортаның контекстінде тілдің жұтаңдануына бастайтын тетіктер мен факторларға назар аударып, цифрлық медиа платформалардың, әсіресе әлеуметтік желілердің, сөздік қордың азаюдағы әсеріне назар аударады.

Мақалада қазақ тілінің бұқаралық коммуникациялық ортадағы бүгінгі жай-күйі көрсетіліп, қарқынды технологиялық өзгерістер жағдайында тілдің лексикалық қорын сақтау және дамыту қажеттілігі көрсетіледі. Қазіргі ақпараттық дәуір жағдайында қазақ тілін сақтау және оның сөздік қорын дамытуға қатысты құнды тұжырымдар мен ұсыныстар жасалып, цифрлық дәуірдегі тілдің әлеуетті болашағы қарастырылады.

Түйін сөздер: сөз байлығы, медиа орта, қазақ тілі, технологиялық инновация, әлеуметтік желі, сөздік қор.

U.M. Yessenbekova^{1*}, A.A. Syzdykova¹, N.M. Rakhymbayev¹, A. Kutym²¹L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan²Nazarbayev University, Astana, Kazakhstan

*e-mail: ultmudde@mail.ru

Lexical richness of Kazakh media: analysis of materials from the publications Egemen Qazaqstan, Qazaq Ädebieti, and Aiqyn, as well as social media publications

This article presents an analysis of the lexical richness of materials published in Kazakh media. The analysis of the texts was conducted using the BirOtan lex online service, which assesses the lexical quality of the texts and the authors' vocabulary. The study examines the dynamics of changes in the lexical richness of texts published in the newspapers Egemen Kazakhstan, Kazakh Adebieti, and Aikyn, as well as posts from social media platforms Facebook and Twitter (currently X) over the period from the 1990s to 2024.

The main hypothesis of the study is that technological innovations and transformations in communication processes negatively affect the lexical richness of the Kazakh language. In particular, a trend is observed towards a reduction in the vocabulary of both the authors and the content itself, leading to a limitation in the diversity of vocabulary in contemporary texts.

The article emphasizes that the use of digital platforms, such as social networks, also contributes to the reduction of vocabulary and the simplification of language. The authors investigate the impact of digital media platforms, particularly social networks, on the reduction of lexical richness in materials, focusing on the mechanisms and factors that contribute to the simplification of language within the context of the modern media environment. The study also analyzes the degree of influence digital media platforms, especially social networks, have on the decline of lexical richness in materials.

The article draws conclusions about the current state of the Kazakh language in the media environment and highlights the need to preserve and develop the language's lexical fund in the face of rapid technological changes. The research formulates key conclusions and recommendations regarding the role of media platforms in preserving the Kazakh language and developing its lexical fund in the context of the modern information era, while also considering the potential future of the language in the digital age.

Key words: lexical richness, media environment, Kazakh language, technological innovations, social network, vocabulary.

Ү.М. Есенбекова^{1*}, А.А. Сыздыкова¹, Н.М. Рахымбаев¹, А. Кутым²

¹ Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

² Назарбаев университет, Астана, Казахстан

* e-mail: ultmudde@mail.ru

**Лексическое богатство казахских медиа:
анализ материалов изданий «Егемен Қазақстан», «Қазақ әдебиеті»,
«Айқын» и социальных сетей**

Статья представляет собой анализ лексического богатства материалов, опубликованных в казахских медиа. Для анализа текстов использован онлайн-сервис BirOtan lex для оценки качества лексики текстов и словарного запаса авторов. В работе исследуется динамика изменений лексического богатства текстов, опубликованных в газетах «Егемен Қазақстан», «Қазақ әдебиеті» и «Айқын», а также посты из социальных сетей Facebook и Twitter (в настоящее время X) за период с 1990-х до 2024 года.

Основная гипотеза исследования заключается в том, что технологические инновации и трансформации коммуникационных процессов оказывают негативное влияние на лексическое богатство казахского языка. В частности, наблюдается тенденция к сокращению словарного запаса как самих авторов, так и контента в целом, что приводит к ограничению разнообразия лексики в современных текстах.

В статье подчеркивается, что использование цифровых платформ, таких как социальные сети, также способствует сокращению словарного запаса и упрощению языка. Авторы исследуют влияние цифровых медиаплатформ, в особенности социальных сетей, на сокращение лексического богатства материалов, уделяя внимание механизмам и факторам, способствующим упрощению языка в контексте современной медиасреды. Авторы также анализируют степень влияния цифровых медиаплатформ, в частности социальных сетей, на снижение лексического богатства материалов.

Статья позволяет сделать выводы о текущем состоянии казахского языка в медийной среде и обратить внимание на необходимость сохранения и развития лексического фонда языка в условиях быстрых технологических изменений. В исследовании сформулированы основные выводы и рекомендации относительно роли медиаплатформ в сохранении казахского языка и развитии его лексического фонда в контексте современной информационной эпохи, а также рассматривается потенциальное будущее языка в цифровую эпоху.

Ключевые слова: лексическое богатство, медийная среда, казахский язык, технологические инновации, социальная сеть, словарный запас.

Кіріспе

Әлемдегі жаһандану процестері қазақ тілінің қолданыс дәрежесіне, ұлттық санаға айтарлықтай әсер етуде. Бұл мәселе соңғы жылдары ұлт-

тық тілдің сақталуына, сөз байлығына алаңдаған қазақ зерттеушілері мен тіл мамандарының еңбектерінде жиі көтеріледі. Лингвист мамандардың айтуынша, жаһанданудың ықпалымен ағылшын сөздері мен сөз тіркестерінің қазақ ті-

ліне белсенді енуі байқалуда. Жастардың тілдік таңдаулары қазақ тілінің сөздік қорының қысқаруына және оның мәнерлілігінің төмендеуіне алып келуде. Егер қазақ тілі халқымыздың бай мәдени мұрасы мен дәстүрін бейнелейтін болса, онда тілдің жұтануы мәдени мұрамыздан, ұлттық бірегейліктен айырылуға алып келетінін болжау қиын емес.

Қазіргі қазақ қоғамындағы лингвистикалық мәдениет деңгейі, тіл сауаттылығы мен сөйлеу мәдениеті деңгейінің төмендеуі туралы ғалымдар мен тіл мамандары жиі айта бастады. Тіл – ұлттық санаға, ұлттың ойлау тәсілі мен дүниеге деген көзқарасына да ықпал ете алатын күш. Қазақ тілі халқымызға жат кейбір материалдық және индивидуалдық көзқарастарды қабылдамайтын моральдық нормалар жасауда маңызды құрал болды. Тілдің ықпалының азаюы бұл көзқарастардың өзгеруіне және қазақтың рухани дәстүрлерінің жоғалуына әкелуі де мүмкін. Ұлттық мәдени және тілдік тұтастықты сақтап, оны жаңа дәуірге бейімдеп дамыту үшін мемлекет пен азаматтардың біртұтас күш-жігері қажет екенін қазақ қоғам жақсы түсінуде. Сондықтан өзіндік мәдени және тілдік бірегейлікті қолдау, бұл идеяны насихаттау қазақ тілін дамыту бағдарламаларының құрамдас бөлігі болуы тиіс. Бұл мыңжылдармен есептелетін мәдени мұра мен тілдің бірегейлігін сақтауға, сондай-ақ жаһандық мәдени контексте қазақ мәдениетінің бірегейлігін сақтауға көмектеседі.

Жаһанданудың жойқын жылдамдығы мен адамдар арасындағы мәдениетаралық, тілдік коммуникацияның өрісінің кеңеюі интернет желісімен байланысты. Ақпарат пен деректердің үлкен көлемін әлемнің кез-келген түкпірінен бірнеше секундта таратуға болады. Осындай коммуникациялық серпіліс медиа құрылымдардың қызметі мен функцияларын жаңғыртты. Бұқаралық коммуникация көздері мемлекеттің идеологиясы мен саясатын түсіндіруде, қоғамдық пікір жасауда белсенді рөл атқара бастады. Ақпарат құралдарының қызметі саясат шеңберінен шығып, қоғамдағы әлеуметтік, мәдени үдерістердің басты тасымалдаушысына айналды. Жаңа медиа-орта мәдениетаралық байланыстардың қарқынын үдетуде. Бүгінде контентті тұтыну арқылы, сонымен қатар мобильді технологияларды пайдалана отырып контент жасауға қатысатын жүз мыңдаған интернет қолданушылардың арасында қазақ тілінде ерекше тілдік орта қалыптаса бастады (Есенбекова, 2019).

Интернет коммуникацияның жаңаша моделі мен жаңа ақпараттық мүмкіндіктер ұсынып, мәтіндердің заманауи түрлерін жасауда. Тіл мен мәдениетті зерттеуге қажетті мол деректер қорын да интернет ресурстар бере алады. «Егемен Қазақстан», «Қазақ әдебиеті», «Айқын» газеттері мен республикалық телеарналардан бастап басқа да отандық медиада, Facebook, Twitter әлеуметтік желілерінде жарияланған материалдардан қазақ тіліндегі лингвистикалық вариацияларды молынан табамыз.

Біздің зерттеу барысында «Егемен Қазақстан», «Қазақ әдебиеті», «Айқын» газеттері мен Facebook пен Twitter әлеуметтік желілерінде соңғы 30 жылда жарияланған мәтіндердің мазмұны мен тақырыптық ерекшеліктері, лексикасы талданады. Мысалы, «Егемен Қазақстанда» 2020-2024 жылдары жарияланған материалдардың сөз байлығы мен көркемдік деңгейі осы басылымда 1990-2000 жылдар аралығында жарық көрген мақалалармен салыстырмалы түрде зерттеледі. Осы екі кезеңдегі «Қазақ әдебиеті» мен «Айқын» газеттерінің материалдарының көркемдік деңгейі мен қолданылған сөздік қоры қаншалықты өзгергені (өскені немесе кемігені) де анықталды. Бұл газеттер қазақтілді басылымдардың ішінде материалдарының сапалық көрсеткіштері жоғары болғандықтан таңдалды. Қазақ аудиториясының интеллектуалды бөлігі қолданып, материалдарын жариялайтын Facebook пен Twitter (қазір X) әлеуметтік желілері де зерттеу объектісі ретінде қаралды. Әлеуметтік желілерде 2006 жылдан бері жарияланған 100 жазба таңдалды. Арнайы әзірленген компьютерлік бағдарламаның көмегімен әр жылда жарияланған материалдардың сапалық, сандық көрсеткіштері анықталып, салыстырмалы талдаулар жүргізілді, 1990-2024 жылдар аралығындағы динамикасы көрсетілді.

Зерттеудің **басты гипотезасы бойынша** медиа-ортаның технологиялық жаңаруы қазақ тілінің лексикалық байлығына кері әсерін тигізуде. Қазақ тіліндегі мәтіндердегі сөз байлығы мен медианың тілі жұтануы, контент жасаушы авторлардың сөздік қоры азайғаны байқалады. Біздің ғылыми еңбегіміз қазақ тілінің жаңа медиа-ортада сақталуын зерттеумен, тілдің лексикалық қорын дамытумен байланысты.

Қазақ бұқаралық коммуникация құралдарындағы сөз байлығын талдауға арналған ғылыми еңбектер соңғы жылдары жиі шыға бастағаны куантанды. Мақалалар халықаралық беделді жур-

налдарда жарияланып, қазақ тілінің соңғы 30 жылдағы өзгерісін қамтитын зерттеу нәтижелері мен қорытынды тұжырымдар ұсынады. Коммуникациялық технологиялар мен цифрлық платформалардың қазақ тілінің қолданысына әсерін зерттеген «Demand for TV content in a national language: The case of Kazakhstan» және «The Impact of the Digital Format on Kazakh Youth's Information Consumption and Reading Culture» атты ғылыми мақалалардың авторлары цифрлық контентті тұтыну қазақ тілінің лексикалық байлығына, жастардың тілді таңдаудағы бетбұрысына кері ықпал ете бастағанын анықтаған.

Рейтингі жоғары (Q2) америкалық журналдарда жарияланған бұл еңбектерде қазақтілді аудиторияның телевизиялық контентті таңдаудағы ерекшеліктері, қазақ тілінде көрсетілетін бағдарламаларға сұраныстың өскені жан-жақты дәлелдермен тұжырымдалған. Зерттеушілердің гипотезасы бойынша бұл «лексикалық бай, «жанды» тілдің қолданылуы мен жоғары телевизиялық рейтингтер арасындағы оң корреляцияны» көрсетеді. Қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейтіп, сөздік қорын дамытуға аудиторияның талғамына сай контент жасаудың маңыздылығы мен тілді таңдаудағы өлшемдерді ескеру қажеттілігі де мақалаларда нақты тұжырымдалған. Аталған екі еңбектің қорытынды тұжырымдарында қазақ тілін қазіргі заманғы коммуникациялық платформаларға бейімдейтін стратегияларда сөз байлығы мен лексикалық әртүрлілікті сақтау және жетілдіру қажеттілігі айтылады (Yessenbekova, Syzdykova & Kutym, 2024; Yessenbekova, U., Aldabergenova, Z., Mamankul, A. *et al.*, 2025).

Лексикалық талдау үшін медиа-корпус әзірлеудің өзектілігін дәл болжаған Мансурова және басқа қазақ ғалымдарының тағы бір еңбегі Кипрде 2017 жылы өткен «Computational Collective Intelligence» халықаралық ғылыми конференциясына ұсынылған. Отандық ғалымдар қазақтілді БКҚ мәтіндерінің корпусын құру арқылы ақпараттық құралдардағы мәтіндерді жүйелі талдау мүмкіндігін қарастырды. Бұл корпус медиа-мәтіндерді жинау, сақтау және талдау процестерін автоматтандыру арқылы жеңілдетіп, қазіргі жазба қазақ тілін зерттейтін лингвистер үшін эмпирикалық негіз болатындай жиналған. Аталған құнды ресурс қазақ БКҚ мәтіндерінің лексикалық байлығын бағалау мен жетілдіруде маңызды рөл атқара алады (Mansurova, et al, 2017).

2024 жылы «Applied Linguistics» журналында жарияланған зерттеуде қазақ тіл біліміндегі

эмоционалды экспрессивті сөздердің прагматикалық қызметтері талданған. Сөздерді баяндауыш құрылымдарында талдай отырып зерттеу – олардың кейіпкерлердің эмоциясы мен мәдени құндылықтарын қалай бейнелейтінін көрсетеді. Зерттеушілер тобы қазақтың эмоционалдық лексемалары туралы түсініктерді байытатын, медиа баяндардағы лексикалық таңдаулар тілдің сөз байлығына қалай әсер ететінін кеңірек түсінуге бастайтын тұжырым жасайды (Telgozhayeva, Kossymova, Sovetova, Telgozhayeva, 2024).

Қазақ ғалымдарының еңбектеріндегі ғылыми тұжырымдар бұқаралық коммуникация құралдарындағы (БКҚ) контент өндірісі мен қазақ тіліндегі мәтіндердің сөз байлығы арасындағы динамикалық өзара әрекеттесуін айқындайды. Цифрлық технологиялардың адам өмірінің барлық салаларына белсенді енуі медиа-контентте қазақ тілінің бай сөздік қорын пайдалануды ынталандыратын стратегиялардың өзекті қажеттілігін туғызуда. Отандық ғалымдардың бастамасымен құрылған тілдің медиа-корпусы сияқты ресурстар лингвистер мен контент жасаушыларға қазақтілді бұқаралық коммуникация құралдарында жарияланатын мәтіндердің лексикалық байлығын талдауға жақсы мүмкіндіктер ұсынады. Қазақ тілінің лексикалық мұрасын сақтай отырып, қазіргі коммуникациялық тенденцияларға бейімделуін қамтамасыз ету үшін алдағы уақытта осы ғылыми бағыттарды зерттеуді жалғастыру қажет деп санаймыз.

Біздің ғылыми еңбегімізде жаңа медиа ортаның қазақ тілінің өзгеруіне ықпалы, тілдегі өзгерістердің себептері, жаңа ақпараттық ортадағы мәдениет пен тілдің даму ерекшеліктері зерттелді. Осындай зерттеулер арқылы жаңа цифрлық медиа ортадағы қазақ тіліндегі өзгерістерді, қазақ тілінің сөздік байлығының сапасын анықтауға, мемлекеттік тілдің құзыреттілігін дамытуға қажетті ұсынымдар дайындауға болады деп ойлаймыз.

Әдебиеттерге шолу

Соңғы жылдары бұқаралық коммуникация құралдарындағы сөз байлығын зерттеуге шетелдік және отандық ғылыми ортада жақсы көңіл бөлінуде. Лексикалық байлық мәтінде қолданылатын лексиканың әртүрлілігі мен күрделілігін білдіреді және тілдік-коммуникативтік құзыреттіліктің негізгі көрсеткіші болып саналады. Біздің шолуымыздың мақсаты – газеттер мен әлеуметтік желілерді қоса алғанда, әртүрлі медиа

және академиялық форматтардағы лексикалық байлықты зерттеуге арналған еңбектерге талдау жүргізу болды.

Бұқаралық коммуникация құралдарындағы (БҚК) жарияланымдардың лексикалық байлығын талдау заманауи платформаларда қолданылатын тілдің әралуандығы мен күрделілігі туралы құнды ақпарат береді. Біздің әдебиеттерге шолуымызда медиа мәтіндердегі лексикалық байлықты жан-жақты бағалауға арналған соңғы жылдары жарияланған халықаралық және отандық ғылыми зерттеулердің негізгі нәтижелері біріктірілген.

Мәтіндердегі сөз байлығы көбінесе тип-токен қатынасы (TTR), лексикалық әралуандық (LD) және лексикалық тығыздық (LDe) сияқты бірнеше көрсеткіштер арқылы өлшенеді. Бұл көрсеткіштердің әрқайсысы сөздік қолданудың әртүрлі аспектілері туралы түсінік береді. Голландиялық Radboud University Тілдерді зерттеу орталығының ғалымы Лотте Хогевер пен Испанияның Research Centre Micaela Portilla орталығының зерттеуші Агустина Висентенің «Лексикалық табиғат туралы: бай лексикалық мағыналардың мәртебесі» мақаласында лексикалық мағыналардың табиғаты және олардың семантика, прагматикаға әсері қарастырады (Hogeweg & Vicente, 2020).

Газет-журналдар сияқты баспа басылымдары оқырман қауымының кеңдігі мен ықпалына байланысты лексикалық байлыққа жасалатын талдауларда жиі таңдалады. Мысалы, Indarti, Wiredu, Kuhi және Mojood газет тілін зерттеуде әртүрлі бөлімдер (мысалы, жаңалықтар мен редакциялық мақалалар) арасындағы сөз байлығының айырмашылықтарын сараптаған. Нәтижелер редакциялық мақалалардың сөз байлығы жаңалық бөлімдеріне қарағанда жоғары екенін көрсеткен. Бұл редакциялық мақалалардың субъективті сипатына байланысты болуы мүмкін (Indarti, 2020; Wiredu, 2018; Kuhi & Mojood, 2019).

Индонезияның Памуланг университетінің профессоры Atmawijaya (2022) ағылшын тілін қолданатын әртүрлі елдердің газет редакцияларына зерттеу жүргізген. Оларды ғалым үш топқа бөліп зерттеген: ағылшын тілінде сөйлейтін елдер, екінші мемлекеттік тіл ағылшын тілі болған (ESL) елдер және ағылшын шетел тілі (EFL) деп саналатын елдер. Зерттеу жұмысында лексикалық байлықты өлшеу үшін Type-Token Ratio (TTR) қолданылады және осы контекстер арасындағы айырмашылықтар анықталады. Со-

нымен бірге, медиа мәтіндердегі тілді қолдану ерекшеліктерінің сөз байлығына әсері көрсетіледі (Atmawijaya, 2022).

Басқа бір зерттеуде индонезиялық ғалымдар Choemue мен Bram (2021) ағылшын тілі екінші және шет тілі саналатын АСЕАН елдерінің авторларының мақалаларындағы лексикалық байлықты талдаған. Олар лексикалық тығыздық, әртүрлілік және күрделілік өлшемдерін қолданған талдаудың нәтижесінде зерттелген топтардың арасында сөз байлығына байланысты айтарлықтай айырмашылықтардың жоқтығын айтады. Екі ғалым лингвистикалық ортадағы айырмашылықтарға қарамастан, бір аймаққа жататын елдердің ғалымдарының ағылшын тілін меңгеру деңгейі мен сөз байлықтары салыстырмалы түрде бір-бірінен алшақ еместігі туралы болжам жасайды.

Ақпараттық дәуірде тілді сақтау мен сөз байлығының маңызына байланысты осындай ғылыми тұжырымдар пәкістандық ғалымдар Nazeer, Hussain және Jamshaid дайындаған «Цифрлық жаңалықтар дискурсындағы лингвистикалық стратегиялардың эволюциясы: салыстырмалы талдау» және ресейлік Варнаеваның «Жаңа дәуірдегі орыс тілі» атты еңбектерінде кездеседі (Choemue & Bram, 2021; Nazeer, Hussain & Jamshaid, 2024; Varnaeva, 2024).

Сөз байлығын зерттеген еңбектердің ішінде академиялық еңбектердегі сөз байлығының бағалануы да біздің назарымыздан тыс қалмады. OSTİM Technical University профессоры Mungen (2023) пәндер бойынша ағылшын тілінде дайындалған диссертациялардың лексикалық байлығындағы айырмашылықтарды талдаған. Профессор 320 диссертацияны Түркияның Ұлттық диссертация орталығынан кездейсоқ тандап алып, оларды оқу пәніне қарай жіктейді. Табиғи тілді өңдеу әдістерін қолдана отырып, бірегей сөздер саны, сөздердің әртүрлілігі және басқа көрсеткіштерін талдайды. Зерттеу қорытындысы жаратылыстану ғылымдарымен салыстырғанда әлеуметтік ғылымдар бойынша жазылған диссертацияларда лексикалық байлықтың жоғары екенін көрсеткен. Ғалымның тұжырымдары пәндік сипаттамалардың сөздік қолданыспен байланысты екенін дәлелдеп, академиялық бағыттардың ғылыми мәтіндердегі сөз байлығына қалай әсер ететінін түсінуге көмектеседі (Mungen, 2023).

Ғылыми мақалалардың лексикалық байлығын тунистік University of Sfax ғалымы Моуна Аяди *Lexical Richness and Syntactic Complexity*

as Predictors of Academic Writing Performance мақаласында талдайды. Автор зерттеу мақаласында тілдің күрделілігі мен тілдік ерекшеліктердің әсерін анықтау үшін лексикалық тығыздықты, әртүрлілікті және күрделілікті өлшейді. Academia.edu журналында жарияланған ғылыми еңбекте лексикалық байлық, синтаксистік күрделілік және академиялық жазу сапасы арасындағы байланыс сарапталған. Бұл жерде лексикалық байлық және синтаксистік күрделілік академиялық жазу сапасының өлшемдері ретінде қарастырылады. Зерттеу нәтижелері жоғары лексикалық күрделілік пен синтаксистік күрделілік арқылы мәтіннің жоғары сапасын, ондағы сөз байлығын болжауға болатынын көрсеткен. Яғни, лексикалық байлықтың жоғары болуы мен академиялық табысқа жетуде тілдің күрделі құрылымдары маңызды рөл атқаратыны дәлелденеді (Ayadi, 2023).

Израильдің University of Haifa университетінің ғалымдары Тами Левицки-Авиад пен Батиа Лауфердің «Сегіз жыл бойы оқыған шет тілін үйренушілердің жазуындағы лексикалық сипаттар: жеке сөздер мен сөз тіркестері» атты монографиясы ұзақ уақыт бойы ағылшын тілін үйренушілердің лексикалық байлығы қалай өсетінін зерттейді. Монографияның мақсаты – сегіз жылдық оқу барысында шет тілін үйренушілердің сөздік дағдыларын қалай дамытатынын және қалай қолданатынын зерттеу болған. Зерттеу жұмысында жеке сөздер мен сөз тіркестерінің қолданылуының өзгеруіне және бұл өзгерістердің тіл қабілеттерінің дамуына қалай қатысы барына назар аударылады.

Авторлар студенттердің уақыт өте күрделі және әртүрлі лексиканы қалай игеретінін, сондай-ақ олар екінші тілді үйренудің маңызды аспектісі болып табылатын коллокацияларды қалай тиімді пайдалана бастайтынын талдайды. Сондай-ақ монография студенттердің тілдік құзыреттілік деңгейлері мен оқу деңгейлерінің арасындағы байланысты анықтаған (Tami Levitzky-Aviad & Batia Laufer, 2013).

Осыған ұқсас тұжырымдар ағылшын ғалымдары Гельмут Даллер, Джеймс Милтон және Джанин Трефферс-Даллер дайындаған «Модельдеу және сөздік қорын бағалау» атты монографиясы екінші тілді шет тіл түрінде үйренушілердің сөздік қорын және сөздік қорын дамытуды өлшеу тәсілдерін қарастырған еңбекте кездеседі. Сөздік қор тілді пайдаланушылар үшін маңызды көрсеткіш рөлін атқарады, өйткені ол мектептегі академиялық табыстың негізгі

болжаушылардың бірі ретінде бекітілген. Екінші тілді үйренушілердің сөздік қорын өлшеу оқушылардың тілдік құзыреттілігін бағалайтын оқытушыларды, екінші тілді меңгеру мен қолданудың дұрыс және сенімді өлшемдерін жасайтын зерттеушілер мен тест әзірлеушілерді қызықтырады. Бұл тақырыпта жазылған ғылыми әдебиеттің көптігіне қарамастан, сөз байлығын бағалауға соңғы уақытта ғана тиісті назар аударыла бастады.

Сондықтан бұл ағылшын ғалымдарының монографиясындағы тараулар әртүрлі елдердегі ғалымдардың сөздік қорын модельдеу мен өлшеуге қатысты негізгі сұрақтарды қалай шешіп жатқанына арналған. Ғылыми еңбектің авторлары адамның сөздік қорының көлемі мен байлығын және оны пайдалануды қалай бағалауға болатынына назар аударады. Лексикалық байлықтың көпқырлы сипатын алға тартқан ғалымдар лексикалық құзыреттілікті, адамның сөз байлығын бір өлшем арқылы бағалау қиын екенін тұжырымдайды (Daller, Milton & Treffers-Daller, 2007).

Бұқаралық коммуникация құралдарының лексикалық байлығы туралы біз талдаған әдебиеттер заманауи медианың әртүрлі форматтары арасындағы елеулі айырмашылықтарды көрсетеді. Баспа БКҚ-ның, академиялық еңбектердің лексикалық байлығы, әдетте, эфирлік коммуникация құралдарымен салыстырғанда жоғары болып келеді. Желідегі медианың да сөздік қоры да көңілге қонымсыз. Бұл тұжырымдар қазіргі бұқаралық коммуникация құралдарында тілді қолдану динамикасын түсіну үшін өте маңызды және медиа өндірушілерге де, тұтынушыларға да әсер етеді.

Болашақ ғылыми ізденістерде мультимедиялық элементтердің (мысалы, суреттер мен видеолар) онлайн медиадағы лексикалық байлыққа әсерін зерттеу қызықты болар еді. Лонгитюдтік әдістер де белгілі бір медиа форматтарда лексикалық байлық уақыт өте келе қалай өзгеретінін, даму бағытын болжауға мүмкіндік береді.

Зерттеу әдістері

Ғылыми мақаланың басты зерттеу құралы ретінде қазақ БКҚ (Бұқаралық коммуникация құралдары) мен әлеуметтік желілерде жарияланған мәтіндерді талдау үшін BirOtan lex бағдарламасы пайдаланылды. Онлайн-сервистің интернеттегі адресі: <https://birotan.kz/mypage>

Зерттеудің негізгі міндеттері – 1990 жылдардан бергі «Егемен Қазақстан», «Қазақ әдебиеті», «Айқын» газеттері мен Facebook, Twitter (қазір X) әлеуметтік желілерінде жарияланған материалдардағы сөз байлығын талдау, сөздік қордың өзгерістерін анықтау болды. Сөз байлығын талдауға «Егемен Қазақстан», «Қазақ әдебиеті» және «Айқын» газеттерінде жарияланған материалдар кездейсоқ тәсілмен тандап алынды. Материалдар негізгі екі кезеңді қамтиды: 1990-2000 және 2020-2024 жылдар аралығында жарияланған. Барлығы 200 мақала таңдалды, әр мақаланың көлемі 1000-1100 сөзді құрағанда жалпы 200 мың сөзден артық материал сандық және сапалық көрсеткіштері бойынша сарапталды.

Мерзімдік басылымдардан басқа 2006-2015 және 2016-2024 жылдарда Facebook және Twitter (қазір X) әлеуметтік желілерінде жарияланған 100 жазба (Facebook-тен 30 және Twitter-ден 70 хабарлама) зерттелді.

Қолданылатын әдістеменің сипаттамасы. Мәтіндердің лексикалық байлығын талдау BirOtan lex онлайн сервисі арқылы жүргізілді. Бұл сервис мәтіндегі бірегей сөздердің санын және олардың жиілігін анықтау арқылы мақаланың сөздік қорын өлшеу құралын ұсынады. Лексикалық байлықты есептеу әдістемесі мынандай кезекпен жүргізіледі:

- мәтіндегі сөздердің жалпы санын анықтау;
- қайталанбайтын бірегей сөздердің санын есептеу;
- бірегей сөздердің жалпы сөздер санына қатынасын – сөздік қордың сандық көрсеткішін табу;
- бағдарлама сонымен қатар жеке сөздердің қайталану санын анықтайды, қолданылу жиілігін көрсетеді;
- сервис мәтіндегі жаңа немесе қате жазылған сөздерді қызыл түспен белгілеп (жаңа сөздер – BirOtan lex онлайн қызметінің қорына әлі енгізілмеген сөздер), мәтіннің сапасын бағалауға көмектеседі.

Талдау процесі. Мәтіндегі сөз байлығын талдау үшін пайдаланылған материалдар 1000-1100 сөзден аспады. Талдауға дайындалған мәтіндерден шет тілдерден енген терминдер мен жер-су аттары, адам аттары алынып тасталды. Бұл – мәтіннің таза қазақша сөздерге негізделген сөз байлығын анықтау үшін, зерттеудің тазалығы мен нәтиженің қисындылығы үшін қажет болды. Мәтіндер BirOtan lex жүйесіне екі жолмен енгізуге болады: бірінші, мәтінді көшіріп арнайы ұяшыққа кіргізу; екінші, .doc немесе .pdf

пішіміндегі мәтіндерді жүктеу арқылы. Арнайы түймешіктерді басу арқылы Сервис сөздік қорын, сөздің қайталану жиілігін автоматты түрде есептеп, жаңа немесе қате жазылған сөздерді бөлектеп берді.

Салыстырмалы талдау. BirOtan lex бағдарламасының нәтижелері анықталғаннан кейін әрбір мақала бойынша салыстырмалы талдау жүргізіліп, нәтижелер бойынша нүктелі диаграммалар салынды. Диаграмманың горизонталды өсі (ось) мәтіндегі сөз көлемін, вертикалды өсі сол мәтіннің сөз байлығының пайыздық көрсеткішін айшықтайды.

Нәтижелер мен қорытындыларды бағалау. Алынған мәліметтер негізінде мәтіндердің сөздік байлығына сандық және сапалық баға берілді. Нәтижелер соңғы 34 жылда беделді қазақ газеттері мен әлеуметтік желілерде жарияланған материалдардың лексикалық байлығының төмендеуі байқалған зерттеу гипотезасын растады. Бұл әртүрлі уақыт кезеңіндегі лексикалық байлық көрсеткіштерін салыстыру арқылы да, мәтіндердің мазмұны мен сапасын талдау арқылы да нақты дәлелденді.

Зерттеу әдісі басылым материалдарының лексикалық байлығын объективті бағалаудың технологиялық құралдарын пайдалануды, нақты салыстырмалы талдауды қамтиды. BirOtan lex жүйесі қазақ медиасының сөздік қорындағы уақыт пен мәтіннің сөз байлығы контекстіндегі елеулі өзгерістерді анықтауға мүмкіндік берді. Зерттеуде мәтіндердің мазмұны мен сапасына салыстырмалы талдау жүргізу үшін контент-талдау, лексикометриялық, салыстырмалы және статистикалық талдау сияқты ғылыми әдістер қолданылды.

Нәтижелер мен талқылау

Бізді қоршаған әлемдегі қарым-қатынас мәдениетін, шығармашылық пен коммуникативтік дағдыларды қалыптастыруды бұқаралық коммуникацияның қызметінен бөлек қарай алмаймыз. Цифрлық технологиялар адамдардың бір-бірімен қарым-қатынасын, ақпараттың таралуы мен қабылдау формалары мен арналарын өзгертті. Ұлыбританияда 2007 жылы мектеп жасына дейінгі балалар арасында жүргізілген сауалнама көрсеткендей, қазіргі сәбилер ұйықтар алдында ата-аналарының ертегісін тыңдамайды. Олар төсекте планшетпен жатқанды ұнатады екен. АҚШ-та 2 айдан 24 айға дейінгі сәби тәрбиелеп отырған 1000-нан астам отбасыға телефон арқы-

лы сауалнама жүргізілген. Сауалнама нәтижесі бойынша 3 айға дейінгі сәбилердің 40%-ының ата-анасы балаларына тұрақты түрде теледидар немесе видео контент көрсететіні анықталған. Ал, екі жасқа жеткендердің арасында бұл көрсеткіш 90%-ға жеткен. Басқа зерттеулерде әлеуметтік медианы қолдану арқылы балалар ата-аналары мен айналасындағы басқа ересектермен, достарымен емес уақытының көп бөлігін мобильді құрылғылармен өткізетіні белгілі болған (Zimmerman et al., 2007; Westlund et al., 2016).

Ақпараттық технологиялар адамдар арасындағы коммуникациялық байланыстардың формаларын да, мазмұнын да байытты. Жазу, сөйлеу мәдениеті өзгерді. Медиа мен әлеуметтік желілердегі сөз қолданысын зерттеу бүгінгі күн тәртібіндегі ең өзекті проблемалар қатарына жатады. Біздің зерттеу қазақ тілінің жаңа дәуірдегі өзгерістеріне баға беруге, болашақта қазақ тілінің әлеуетін өсіруге оң ықпалын тигізеді деп сенеміз.

Цифрлық платформалардың лексикалық байлыққа әсері

Біздің зерттеуіміздің нәтижелері цифрлық медианың тілдік ортаға ықпалы туралы жалпыға ортақ ғылыми тұжырымдармен сәйкес келеді. Ағылшын, француз және испан тілдері бойынша жүргізілген зерттеулер хабарламалардың қысқаруы мен символдар санының шектелуі күрделі тілдік құрылымдардың азаюына және бірегей сөздердің аз қолданылуына әкелетінін түйіндеген (Bestgen, 2024; Reviriego and et al., 2024).

Бұндай үрдістің қазақ тіліне де тән екенін біздің зерттеу дәлелдеп берді. Талдау нәтижелерін қорыта келе, лексикалық байлықтың төмендеуіне ықпал ететін негізгі факторлар деп мыналарды айта аламыз:

1. Мәтіннің көлемінің шектелуі. Технологиялық дәуір мен өмір жылдамдығы, әлеуметтік желілер қысқа мазмұн мәдениетін қалыптастырады, бұл күрделі синтаксистік құрылымдардың азаюына және сирек кездесетін сөздерді пайдаланудан бас тартуға әкеледі;

2. Медиа платформалардағы ұсынылатын контент алгоритмдері. Жиі қайталанатын сөздер мен қарабайыр сөз тіркестері бірегей және күрделі құрылымдарға, әдеби сөз өрнектеріне қарағанда жиі қолданылады, бұл сөйлеудің стандартталуына алып келеді;

3. Контентті визуализациялау үрдісі. Мәтіндер мен сөздердің орнына мемдер, гифтер, эмодзилер және қысқа видеолардың қолданылуы сөздік қордың төмендеуіне ықпал етеді;

4. Мәтіндік автоматты түзету қызметі. Смартфондар мен басқа цифрлық құрылғылардағы автотүзету және сөздерді болжау функциялары қолданушылардың қарапайым және жиі кездесетін лексемаларды пайдалану дағдысын қалыптастырады. Бұл сөз байлығының жұтануына алып келетін төте жол.

Деректерді талдау барысында технологиялық инновациялар мен цифрландыру тенденциясы қазақ тілінің лексикалық байлығына теріс әсер ететінін көрсетті. Зерттеу нәтижелері дәстүрлі және цифрлық медиадағы лексикалық қордың азайғанын айқындап, цифрлық коммуникация жағдайында тілдің қарапайымдануы жаһандық үрдіс екенін растады. Дегенмен қазақ тілін сақтау және дамыту білім беру мекемелерінің, мемлекеттің және қоғамның, цифрлық платформалардың белсенді араласуын талап етеді. Тілді байытуға ынталандыратын тетіктерді қалыптастыру арқылы оның бейнелілігі мен мәдени маңыздылығын цифрлық технологиялар дәуірінде сақтауға болады деп сенеміз.

Лексикалық байлықты салыстырмалы талдау

Зерттеудің негізгі гипотезасы бойынша – технологиялық инновациялар мен коммуникациялық процестердің трансформациясы қазақ тілінің лексикалық байлығына кері әсерін тигізуде. Ғылыми талдау осы болжамды тексеруге арналды.

Бұл зерттеу еңбегінде басқа тілдерге қатысты ғалымдардың теориялық тұжырымдарына сүйене отырып, негізгі заңдылықтарды анықтауға, цифрлық медиа-платформалардың, әсіресе әлеуметтік желілердің, баспасөзде жарияланған материалдардың лексикалық байлығының төмендеуіне ықпалын талдауға көңіл бөлінді. Қазақ тілінің қазіргі медиа кеңістіктегі жағдайына баға беру, жойқын технологиялық өзгерістер жағдайында тілдік қорды сақтау мен дамыту қажеттілігіне назар аударылды. Сонымен қатар, медиа-платформалардың қазақ тілін сақтау және оның лексикалық байлығын арттырудағы рөлі қарастырылып, негізгі қорытындылар мен ұсыныстар құру мақсат етілді. Қазақ тілінің цифрлық дәуірдегі болашағын талқылау, лексикалық байлығын сақтау бойынша нақты ұсыныстар әзірлеуге басымдық берілді.

Қазақ медиасында жарияланған материалдардың лексикалық байлығын талдау 1990-2024 жылдар аралығында сөздік қордың құрылымы мен сапасында елеулі өзгерістер болғанын көрсетті. Зерттеу барысында «Егемен Қазақстан»,

«Қазақ әдебиеті» мен «Айқын» газеттері мен Facebook, Twitter (X) әлеуметтік желілерінде жарияланған мәтіндердің мазмұны мен лексикасы талданды. Алғашқы үшеуі қазақтілді басылымдардың ішінде әдеби тілді қолдану жағынан материалдарының сапалық көрсеткіштері жоғары деп таңдалды.

«Егемен Қазақстанда» 1990-2000 жылдары жарияланған 25 мақала; 2020-2024 жылдары жарияланған 25 мақала алынып, олардың сөз байлығы мен көркемдік деңгейі салыстырмалы түрде зерттелді. Дәл осы екі кезеңде жарияланған «Айқын» газетінің 50 мақаласы (1990-2000 – 25; 2020-2024 – 25) сараптауға таңдалды. Ал «Қазақ әдебиетінде» 1990-2000 жылдары жарияланған 50 мақала, 2020-2024 жылдары жарияланған 50 мақала да кездейсоқ алынды. Барлық 200 мақала кездейсоқ таңдалды, олардың көпшілігін ақпараттық-сараптамалық және көркем-публицистикалық жанрларда жазылған материалдар құрайды. Тақырыптық жағынан талданған мақалалар саяси-экономикалық, әлеуметтік, мәдени және руханият мәселелеріне арналған.

Қазақ аудиториясының интеллектуалды бөлігі қолданып, постар жариялайтын болғандықтан, Facebook пен Twitter (X) әлеуметтік желілері де зерттеу объектісі ретінде қаралды. Әлеуметтік желілерде 2006-2015 және 2016-2024 жылдарда жарияланған 100 материал (пост) таңдалады. Екі желіде жарияланатын постардың шекті көлеміне байланысты Facebook-тен – 30 пост, Twitter-ден 70 пост таңдалып алынды.

«Егемен Қазақстан», «Қазақ әдебиеті» мен «Айқын» газеттерінен алынған мақалалардың көлемі 1000-1100 сөзбен шектелсе, Facebook, Twitter (X) әлеуметтік желілерде жарияланатын постар шағын болатындықтан олардың көлеміне шектеу қойылмады. Зерттеуге таңдалған мақалалар мен постардың авторлары аты танымал жазушылар мен журналистер, саясаткерлер мен қоғам қайраткерлері, белсенділері болды. Әрбір мақаланың тақырыбы, жарияланған күні, айы мен жылы, газеттің нөмірі міндетті түрде көрсетілді. Зерттеудің тазалығы үшін мәтіндердің таза қазақ тіліндегі сөздері сарапталды. Барлық материалдардан экономикалық, технологиялық және техникалық салаларда қолданылатын термин сөздер, жер-су, адамдардың аты-жөні, тегі алынып тасталды. Осылайша BirOtan lex онлайн-сервисінің көмегімен көлемі **108 951 сөзді** құраған, үш басылымда жарияланған **200 мақала** мен Facebook пен Twitter (қазіргі X) желіле-

ріндегі **6473 сөзден** тұратын **100 посттың** сандық көрсеткіштері салыстырылды.

Сөз байлығының көрсеткіштерін визуалды көрсету үшін Excel бағдарламасының көмегімен 8 диаграмма сызылды. Диаграммалар 1990-2024 жылдар аралығында материалдардың көркемдік деңгейі мен қолданылған сөздік қоры қаншалықты өзгергенін (өскенін немесе кемігенін) бейнелейді.

Қазақша мәтіндерді BirOtan lex онлайн-сервисі арқылы зерттеу әдісі өзгерістер динамикасын сандық бағалауға және цифрландырудың тілге әсеріне қатысты негізгі заңдылықтарды анықтауға мүмкіндік берді. Бұл бөлімде зерттеудің негізгі нәтижелері, анықталған үрдістер және олардың қазіргі коммуникациялық контекстегі интерпретациясы ұсынылады. Қазақ тілінің жаңа медиа ортадағы өзгерістерінің тілдік орта үшін жағымсыз салдарларын «Егемен Қазақстан», «Қазақ әдебиеті» және «Айқын» газеттерінде әртүрлі кезеңдерде жарияланған мәтіндердегі лексикалық байлықтың төмендеу үрдісі дәлелдеді. Біздің зерттеу 1990-2000 жылдары лексикалық байлық көрсеткіштері 2020-2024 жылдарға қарағанда әлдеқайда жоғары болғанын анықтады.

1990-жылдары «Қазақ әдебиетінің» материалдарының орташа сөз байлығы 79.7% болса (1990-2000), соңғы бес жылда бұл көрсеткіш 72.9%-ға дейін төмендеді (2020-2024). Бізді ойымызша, 24 жылда тіліміздің байлығының 6.8 пайызын жоғалту үлкен алаңдаушылық туғызады. Қолданыстағы тілдің «құнарсыздануы» қысқа тарихи аралықта бұқара халыққа білінбеуі мүмкін, бірақ математикалық тәсілмен есептеу нәтижелері лингвист мамандардың болжамдарының дұрыстығын дәлелдеп берді.

«Егемен Қазақстан» 1990-2000 жылдары – 75.73%; 2020-2024 жылдары – 74.22% болса, «Айқын» 1990-2014 жылдары – 79.92%; 2020-2024 жылдары – 75.28%. Екі кезеңдегі материалдардың сөз байлығы қос басылымда да төмендеген: «Егемен Қазақстан» – 1.51%-ға; «Айқын» – 4.64%-ға сөз байлығын жоғалтқан (Диаграмма 1-6).

Қазақ тілінде шығатын үш беделді басылымның сөз байлығының орташа алғанда 4.32%-ға төмендеуі алаңдаушылық тудыратындай зиянды үрдіс. Математикалық қателікті ескерсек, сөз байлығын жоғалту көрсеткіші бұдан да жоғары болуы мүмкін. Жалпы әлемдік тенденцияда ақпараттық коммуникациялардың

салдарынан тілдің жылдам жұтандануы анық байқалады. Ширек ғасырға жуық уақытта өзінің 4.32% байлығын жоғалтқан қазақ тілі технологиялық дамуы үдеп, ақпарат алмасу жылдамдығы еселеп өсіп келетін цифрлық дәуірдің келесі 25 жылында 4 емес, 8-10 пайызын жоғалтуы әбден мүмкін. Бұндай жаңа ақпараттық орта қазақ тілі ғана емес, қолданушысы бірнеше миллион болатын көптеген халықтың тіліне зор қауіп төндіруде. Тілді қолданушылардың саны аз болған сайын, оның жойылып кету ықтималдығы да жоғары.

Лексикалық қордың азаюы – ойлау қабілетінің қарапайымдануына, ұлттың интеллектуалды дәрежесінің төмендеуіне алып келетін төте жол. Сөздік қор неғұрлым бай болған сайын, адамның ойы да соғұрлым терең әрі көркем, нақты болады. Тіл байлығы жоғалған қоғамда ғылыми, философиялық және танымдық өсу тежеледі, қоғамның интеллектуалдық қуаты әлсірейді. Екінші жағынан, сөздердің жоғалуы – тарих пен мәдениеттің де жоғалуын тездетеді. Сөздік қор арқылы ұлттық тәжірибе, дәстүрлер мен дүниетаным сақталады. Сөз байлығын жоғалтқан халықтың ұрпақтар арасындағы байланысы, сабақтастығы әлсірейді, өйткені тіл арқылы берілетін мәдени мұраны қабылдайтын жастардың қабілеті шектеледі.

Сөз байлығының төмендеуі – тілдің әлсіреуінің алғашқы белгілерінің бірі. Бұндай үрдістің алдын алмаса, ғылым мен технология, экономикада қолданыс аясы шағын қазақ тілінің коммуникативтік маңызы әлсіреп, ұлт тіліне сұраныс азайып, жастарымыз басқа, «қолайлы», табыс табуға икемді тілдерге (ағылшын, орыс, қытай) көшуі мүмкін. Сондықтан 4,32% – дабыл қағарлық көрсеткіш. Бұл пайызды абсолюттік мәнге айналдырсақ, 25 жылда ондаған мың сөзімізден айырылып қалғанымызды білеміз. Бұндай қауіпті үрдісті тоқтату үшін серпінді шешімдер қабылданбаса, зиянды процесс қайтымсыз сипатқа ие болып, қазақтың сөздік қорының жойылуын тежей алмайтындай жағдайға келуіміз мүмкін.

Төмендегі диаграммаларда (1-8) дәстүрлі медиада жарияланған мәтіндердегі бірегей сөздердің үлесінің азаю үрдісі айқын байқалады. Әрбір уақыт кезеңі үшін орташа сөз байлығының көрсеткіштері диаграммалардағы нүктелермен белгіленген, ал көлденең сызық сол кезеңдегі мәтіндердің орташа сөз байлығын көрсетеді. Қызылмен қоршалған сандар әр кезеңнің орта-

ша сөз байлығының сандық көрсеткіші. Мысалы, «Қазақ әдебиеті» (диаграмма 3-4) 1990–2000 жылдары 2020–2024 жылдармен салыстырғанда әлдеқайда бай сөздік қорға ие болған. Осыған ұқсас үрдістер «Егемен Қазақстан» (диаграмма 1-2) және «Айқын» (диаграмма 5-6) басылымдарында да байқалады.

Әлеуметтік желілер бойынша деректерді талдау да теріс динамиканы көрсетеді (диаграмма 7-8). Facebook және Twitter (қазіргі X) желілерінде 2006–2015 жылдары лексикалық байлық деңгейі 82.51% болса, 2016–2024 жылдары бұл көрсеткіш 80.44%-ға төмендеген. Бұл зерттеу гипотезасы мен цифрлық медиа тілінің қарапайымдану үрдісін растайды. 2006–2015 жылдары Facebook және Twitter/X платформаларында лексикалық байлық деңгейі 2016–2024 жылдармен салыстырғанда жоғары болған, бұл цифрлық коммуникациялық технологиялардың авторлардың сөздік қорына кері әсер еткенін дәлелдейді.

Диаграммаларға түсініктеме

Қазақ баспасөзінде әртүрлі кезеңдерде жарияланған 200 мақала мен екі әлеуметтік желідегі 100 посттың сандық көрсеткіштері мен сөз байлығы сегіз диаграммада көрсетілген. Диаграммалардың атауы – басылым мен зерттелген кезеңдегі нақты жылдарды білдіреді. Нүктелер – мәтіндердегі сөз байлығының пайыздық көрсеткіші. Диаграмманың абциссасы – мәтіндегі сөз саны, ал ординатасы мәтіннің лексикалық байлығының пайыздық көрсеткіші. Ал диаграммалардағы көлденең сызық – талданған мәтіндердің сөз байлығының орташа деңгейін көрсетеді. Қызыл түсті шеңбермен қоршалған сан – зерттелген мақалалардың сөз байлығының осы кезеңдегі орташа көрсеткіші.

Зерттеу нәтижелері 1990–2000 жылдары «Егемен Қазақстан», «Қазақ әдебиеті» мен «Айқын» газеттерінде жарияланған мақалалардың орташа лексикалық байлығы 2020–2024 жылдары жарық көрген мәтіндерге қарағанда жоғары болғанын көрсетті. Facebook пен Twitter (қазіргі X) платформаларындағы 2006–2015 жылдар аралығындағы жазбаларда лексикалық байлық деңгейі 2016–2024 жылдардағы жазбалармен салыстырғанда жоғары екені анықталды. Интернет пен әлеуметтік желілердің қазақ қоғамына жаппай енуі 2005 жылдан кейін болғандықтан, әлеуметтік медианың сөз байлығын зерттеуге 2006-2015 және 2016-2024 жылдар таңдалды.

1-кесте


Басылым атаулары	Мақалалар саны, көлемі	1990-2000 жылдар	2020-2024 жылдар	24 жылда өзгеру динамикасы
Егемен Қазақстан	25 мақала (1996-2000 ж.) 7 064 сөз (әр мақалада орташа 282 сөз)	75.73%	74.22%	-1,51%
	25 мақала (2020-2024 ж.) 10 380 сөз (әр мақалада орташа 415 сөз)			
Қазақ әдебиеті	50 мақала (1990-1999 ж.) 27 890 сөз (әр мақалада орташа 557 сөз)	79.7%	72.9%	- 6,8%
	50 мақала (2020-2024 ж.) 50 860 сөз (әр мақалада орташа 1017 сөз)			
Айқын	32 мақала (2005-2014 ж.) 6 759 сөз (әр мақалада орташа 211 сөз)	79.92%	75.28%	-4,64%
	18 мақала (2022-2024 ж.) 5 998 сөз (әр мақалада орташа 333 сөз)			
Жалпы:	200 мақала, 108 951 сөз	78,45%	74,13%	-4,32%

Әлеуметтік желілер	Мақалалар саны, көлемі	2006-2015 жылдар	2016-2024 жылдар	24 жылда өзгеру динамикасы
Facebook пен Twitter (қазіргі X)	30 пост, 5 410 сөз 70 пост, 1 062 сөз	82.51%	80.44%	-2,07%
Жалпы:	100 пост, 6473 сөз	82.51%	80.44%	-2,07%


Бұл кестеде талданған материалдардың сандық көрсеткіштері жиналған. Ең алдымен көзге түсетіні – ғасырдан астам тарихы бар аса беделді «Егемен Қазақстанның» мақалаларындағы сөз байлығының көрсеткіші «Қазақ әдебиеті» мен «Айқын» газеттерімен салыстырғанда төмен болуы. Бұның себебі – «Егеменнен» кездейсоқ таңдалған 50 мақаланың ақпараттық, саяси, қаржы, экономикалық және әлеуметтік мазмұнда болуында. Олардың авторлары ретінде ҚазААГ және ҚазТАГ ақпарат агенттіктері, мемлекеттік органдардың басшылары мен жауапты қыз-

меткерлері, газеттің облыстық тілшілері көрсетілген.

«Егеменде» 1996-2000 жылдары жарияланған мақалалардың орташа көлемі 282 сөз, ал, 2020-2024 жылдары жарық көрген мақалаларда 415 сөз болған. Бас газеттің 2000-шы жылға дейінгі сандарының электрондық нұсқаларын табу да қиындық туғызды. Белгілі ұлт қайраткерлері мен ақын-жазушылардың бас газеттегі мақалаларының электрондық нұсқалары көп табылмады. Бас газеттің қоғамдық-саяси басылым мәртебесі де әр жылдары жарық көрген материалдардың сөз байлығынан байқалады.




1-диаграмма – Egemen Kazakhstan, 1990-2000




2-диаграмма – Egemen Kazakhstan, 2020-2024

«Қазақ әдебиеті» мен «Айқынның» редакциялық саясаты да, мазмұндық ерекшеліктері де екі басылымның материалдарынан анық көрінеді. «Қазақ әдебиеті» әдебиет, мәдениет және өнерге арналған лексикалық байлығы жоғары материалдарымен ерекшеленетін, өзіндік дәстүрі мен стилі қалыптасқан басылым. Бұнда өзекті ұлттық мәселелерді қайраткер жазушылар, ақындар мен қоғамға беделді тұлғалар жиі көтереді. Зерттеуге таңдалған 1990-жылдардағы мақала авторларының басында Қасым Қайсе-

нов, Фафу Қайырбеков, Сафуан Шаймерденов, Манаш Қозыбаев, Қабдеш Жұмаділов, Әнуар Әлімжанов, Шерхан Мұртаза, Әбіш Кекілбаев, Дулат Исабеков, Фариза Оңғарсынова, Марфуға Айтқожина, Оралхан Бөкей және қазақ әдебиетін дамытуға еңбектері сіңген басқа да тұлғалар бар. Осы айтылған авторлардың әрқайсысының мақаласының сөз байлығы 80%-дан жоғары болып, «Қазақ әдебиетінде» 1990-1999 жылдары жарияланған мақалалардың орташа сөз байлығының 79.7% болуына ықпал етті.



3-диаграмма – Kazakh Adebityeti, 1990-2000




4-диаграмма – Kazakh Adebityeti, 2020-2024

Басқа екі басылыммен салыстырғанда 1990 жылдардан бүгінге дейін сөз байлығын көп жоғалтқан да «Қазақ әдебиеті» болғаны зерттеудің тосын нәтижесі болды. Бұл мәселе әлі де жан-жақты талдауды қажет етеді. Бұның бір себебі – екі кезеңде талданған материалдардың көлемінің әртүрлі болуы деп ойлаймыз. Кестеде көрсетілгендей: 1990-1999 жылдары жарияланған мақалалардың орташа көлемі 557 сөз болса, 2020-2024 жылдар аралығындағы мақалалардың көлемі 1017 сөз. Екінші кезеңдегі материалдардың көлемі 2 есеге жуық артық. Бұл нені білдіреді? 500-600 сөзді лексикалық қоры мол адам сөздерді көп қайталамай еркін жазады. Ал 1000 сөзден асатын мақалада бір сөз бірнеше рет қайталанып, бірегей сөздердің саны азаяды. Нәтижесінде – сөз байлығы көрсеткіші төмендейді.


BirOtan lex онлайн-сервисі арқылы талданған 2020-шы жылдан бергі материалдардың ав-

торлары да белгілі ақын-жазушылар корпусынан құралған: Мекемтас Мырзахметұлы, Мәмбет Қойгелдиев, Әбіш Кекілбаев, Исраил Сапарбай, Смағұл Елубай, Тұрсын Жұртбай, Мұрат Әуезов, Несіп Жүнісбайұлы, Бауыржан Жақып сияқты танымал адамдар көп.

Республикалық қоғамдық-саяси мәртебегіне «Айқын» сараптамалық мақалаларға басымдық беріп, саясат, экономика, әлеумет, мәдениет тақырыптарын қозғайды. «Айқын» мақалаларының сөз байлығы «Қазақ әдебиетімен» шамалас болды. Талданған 32 мақаланың (2005-2014 жж.) көлемі орташа есеппен 211 сөз, екінші 2022-2024 кезеңдегі 18 материалдың орташа көлемі қала 333 болды. Сөздің аз болуы мақаланың сөз байлығына әсер ететін зерттеу барысында көзіміз жетті. Сондықтан келесі салыстырмалы зерттеуге таңдалған басылымдардың материалдарының көлемі бірдей болуына көңіл бөлінуі тиіс.



5-диаграмма – Aikyn, 1990-2014




6-диаграмма – Aikyn, 2020-2024

Қазақ ақпарат кеңістігінде 2006 жылдан бастап ене бастаған Facebook пен Twitter (X) әлеуметтік желілерінің сөз байлығының газеттерден жоғары болуын былай түсіндіреміз. Біріншіден, тәуелсіздік жариялағаннан кейін 2007 жылға дейін Қазақстанда интернет қолданушылар саны 620 мың ғана болды. Дүниежүзілік банктің мәліметтерінде, бұл көрсеткіш 2008 жылдан кейін ғана тұрақты өсіп, әлеуметтік желі қолданушылардың динамикасы жақсарғаны айтылады (ДБ статистикасы, 2023).


Әлеуметтік желілер қазақ қоғамына жаңадан таныла бастағанда оны қолданушылардың көпшілігін білім деңгейі жоғары, өмірлік тәжірибесі мол зиялы тұлғалар, танымал саясаткерлер мен белсенді азаматтар құрады. Қазіргі Facebook пен Twitter (X) платформаларында тіркелгендердің басым

бөлігі де осындай қолданушылар. Олардың жазбалары сауаттылығымен, сапалы сөздік қормен ерекшеленді. Зерттеуге таңдалған материалдар осындай қолданушылардың жазбаларынан алынған.

Екіншіден, әлеуметтік желіде көлемді 300 сөзден көп постар өте сирек кездеседі. BirOtan lex арқылы талдау барысында 100-200 сөздік материалдарды қосып, сөз байлығын мәтіндегі сөздердің санын 600-дан асырып барып қана сервиске жүктеп анықтадық. Өйткені, жоғарыда айтылғандай, 100-200 сөзден тұратын мақалада, поста бірегей сөздер (мәтінде көп қайталанбайтын) көп болғандықтан, мәтіннің сөз байлығы жоғары болады. Зерттеудің тазалығы үшін Facebook пен Twitter (X) желілеріндегі бірнеше пост біріктіріліп талданды. Сондықтан 7-8 диаграммада нүктелер саны аз.



7-диаграмма – Facebook and Twitter (currently X), 2006-2015



8-диаграмма – Facebook and Twitter (currently X), 2016-2024

Жоғарыда айтылған зерттеу нәтижелерінен бірнеше маңызды тұжырым жасауға болады. Мақалалардың сөз байлығының 1990 жылдармен салыстырғанда төмендеуінің бірнеше негізгі себептері мыналар. **Бірінші.** 1990 жылдары қазақ баспасөзі қайта жаңғырып, ұлттық құндылықтарды жаңғырту кезеңін бастан өткерді. Сол себепті бай тарихи, әдеби, көне сөздер көп қолданылды. Ал соңғы жылдары қазақ тілі басқа да әлемдік тілдер сияқты неғұрлым қарапайым, функционалды сипатқа ие бола бастады. Қазіргі медиада ақпараттың қысқа әрі жылдам берілуі маңызды. 1990 жылдары газеттерде аналитикалық, көлемді материалдар көп жазылса, бүгінде аудиторияның сұранысы мен жалпы әлемдік тенденцияларға байланысты қысқа, жеңіл оқылатын мәтіндер басым. Бұл күрделі сөздерді, әдемі сөз тіркестері мен синонимдерді аз қолдануға алып келуде.

Екінші. Оқырман аудиториясы өзгерді. Бұрын көркем, әсерлі тілмен жазылған материалдарды көпшілік қызығып оқыса, XXI-ші ғасыр адамы ақпарат ағынынан адаса бастады. Оқитын адамдар азайды, көпшілік жазбаша мәтіннен гөрі видеоны таңдайды, қысқа да қарапайым, санаға салмақ салмайтын ақпарат көздерін іздейді. Бұндай үрдістердің өсерінен мәтіндердің стилі жеңілдеп, сөз байлығы азайды. Осылайша, қазіргі қазақ медиасында тілдік қарапайымдану – ақпараттың жылдамдығы мен қолжетімділігіне қойылатын талаптардың салдары деп айта аламыз.

Үшінші. Интернет пен әлеуметтік желілердің дамуы барлық коммуникациялық құралдардың стилін өзгерте бастады. Оқырман қысқа мә-

тіндерді, жеңіл тілмен жазылған жаңалықтарды жақсы қабылдайды. Осыған байланысты бүгінгі медиа тілінде көркем, әдеби сөздер сирек қолданылады.

Қазіргі журналистер арасында әдебиетке жақын, бай сөздік қоры бар мамандар азайып, ақпараттық стильге басымдық беретін тілшілер көбейді. Сондай-ақ, редакторлар мақалаларды қарапайым әрі түсінікті ету үшін күрделі тіркестерді қысқартады. Бұл үдерістерді тілдің дамуының тоқтауы емес, оның заманға бейімделуі деп қарастыруға болар еді. Бірақ, жасанды интеллект заманында ақылды құралдар **бұрын ойламаған, біз күтпеген керемет мүмкіндіктер** ұсынуда.

Біздің ойымызша, жасанды интеллект (ЖИ) құралдары тілді дамытуға және сөз байлығын сақтауға бірнеше маңызды жолмен көмектесе алады. Жасанды интеллект негізінде жасалған үлкен мәтіндік корпустар (мысалы, ұлттық корпустар) қазақ тіліндегі сөз қолданысын талдауға мүмкіндік береді. Бұл корпус тілдік өзгерістерді бақылауға; көне, сирек қолданылатын сөздерді айналымға қосып насихаттауға, сақтауға; терминологиялық бірізділікті қамтамасыз етуге көмектеседі.

ЖИ-дің мәтін талдау және генерациялау қабілеті керемет. Ол қазақ тілінде көркем, бай сөз қолданысын сақтай отырып, жаңа мәтіндер ұсына алады; синонимдер, балама сөздер арқылы сөздік қорды кеңейтеді; әдеби шығармалар мен мақалаларды күрделі, бай тілмен қайта өңдеуге көмектеседі.

ЖИ құралдарының көмегімен тіл үйрену қосымшаларын жасап, солардың көмегімен жас-

тарға ұнамды форматтарда қазақ тілінің бай сөздік қорын үйретуге; күрделі грамматикалық құрылымдарды меңгеруге; көркем және академиялық стильді дамытуға болады. Сонымен бірге, ЖИ-ді аударма жүйелеріне кіріктіру арқылы қазақ тіліндегі мәтіндерді дұрыс аударуға, түсінікті әрі мағыналы ету де қиын емес. Жақсы дамыған аударма жүйесі қазақ тілінің ерекшеліктерін сақтай отырып, басқа тілдерді калька түрінде аударуды азайтады; тілдің даму динамикасын ескере отырып, сөздік қорды толықтырады. Осылайша ЖИ жүйелері электронды сөздіктер мен анықтамалықтардың қорын көбейтуге, терминологиялық дерекқорларды жетілдіруге, жаңа сөздер мен ұғымдарды автоматты түрде тіркеуге көмектесе алады.

Бүгінгі қазақ тілінің алдында тұрған үлкен проблема қазақ тілінде контент жасауды көбейту. Қазіргі таңда қазақша контент аз. Жасанды интеллект құралдарының (мысалы, ChatGPT және басқа ЖИ чат-боттары) мақалалар, әдеби шығармалар, ғылыми жұмыстар жазуға көмектесіп, тілдік қорды дамытуға, сөз байлығын сақтауға айтарлықтай үлес қоса алатын әлеуеті жоғары.

Міне, жасанды интеллект жүйелерін қолдану арқылы қазақ тілінің лексикалық қорын сақтауға және дамытуға үлкен мүмкіндіктер тууда. Ол тіл үйренуді жеңілдетіп, орфографиялық, стильдік редакциялау жұмыстарын жүргізіп, сирек қолданылатын әдеби сөздерді айналымға қосып, жаңа сөздердің қолданысқа енуіне ықпал ете алады. Бірақ ЖИ құралдары тиімді жұмыс істеуі үшін оларды сапалы қазақша мәліметтермен оқыту және қазақ тілінің нормаларын қатаң сақталуын қадағалау қажет.

Қорытынды

Жаһанданудың ықпалымен Қазақ Елінің ақпараттық кеңістігінде бұрын болмаған лингвистикалық ландшафт жасалуда, адамдардың тілдік және мәдениетаралық құзыреттілігі дамуда. Лингвистер мен медианы зерттеушілер үшін тіл мен мәдениеттің өзара әрекеттесуінің әртүрлі аспектілерін қарастыру қазақ тілі мен мәдениетінің цифрлық дәуірдегі болашағын болжауға керек.

Қазақ қоғамындағы 1991-жылдан бергі саяси өзгерістер, коммунистік үлгідегі жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға көшу, сыртқы әлеммен ашық байланыстар мәдени және тілдік ортаны өзгертті. Бұл өзгерістерде батыс-

тық мәдениеттің әсері күшті болды. Лингвистикалық тұрғыда қазақ тіліндегі түрленулер ағылшын және орыс тілінің ықпалымен жүруде.

Бұл зерттеуде 1990-2024 жылдардан бергі жаңа технологиялардың ықпалымен қазақ тіліндегі өзгерістерді және технологиялардың лексикалық әсерінің ауқымын анықтау мақсаты қойылды. Зерттеуде «Егемен Қазақстан», «Қазақ әдебиеті» мен «Айқын» сияқты танымал басылымдарда, Facebook пен Twitter-дегі (X) әлеуметтік желілерінде жарияланған мақалалар мен постар талданды. Мақаланы дайындау барысында **қазақ ғылыми ортасында** цифрлық технологиялардың қазақ тіліне ықпалын, қолданыстағы тіліміздің лексикалық қорының жұтандануын бағалаған **іргелі жұмыстарды** кездестіре алмадық. Бұл мақала осы кемшілікті толтыруға бастайтын **алғашқы қадам** ретінде ұсынылады.

Қазіргі заманғы технологиялық жаңарулар, әсіресе цифрлық платформалар, тілге айтарлықтай әсер етуде. Facebook пен Twitter-дегі (X) сияқты әлеуметтік желілерде жылдам әрі қысқа коммуникация формаларына көшу лексиканың жұтандануына алып келді. Бұл желілерде хабарламаға бөлінетін сөз саны мен уақыттың шектеулі болуымен байланысты. Әлеуметтік желілерде сөздік қордың азаюы мен синтаксистік құрылымдардың қарапайым болуы анық көрінеді. Себебі қолданушыларда ақпаратты тез жеткізу мен аудитория оңай қабылдайтын жеңіл сөз тіркестеріне деген қажеттілік күшейді.

Бұндай күшті үрдістерге қарамастан, «Егемен Қазақстан», «Қазақ әдебиеті» мен «Айқын» сияқты дәстүрлі бұқаралық коммуникация құралдарында әлі де болса сөздік қордың жоғары деңгейі сақталып келеді. Дегенмен бұл зерттеуімізде басты қазақтілді басылымдарда да күрделі лексикалық құрылымдардың азайғаны байқалды. Әрине, бұның басты себебін ғаламдық ақпарат ағынының цифрлық коммуникация ауқымындағы қазақ тіліне әсерімен, аудиторияның неғұрлым түсінікті және қолжетімді контентке деген сұранысымен түсіндіреміз. Қазақ медиасындағы лексикалық қордың төмендеуі тілдің дамуына ұзақ мерзімді теріс әсер етуі мүмкін. Басқа тілдер бойынша жүргізілген зерттеулер сөздік қордың кемуі келесідей салдарға алып келетінін тұжырымдайды: тілдің бейнелеу мүмкіндіктерінің шектелуі; тіл иесінің когнитивтік алуандықтың төмендеуі; жазбаша және ауызша стильдің қарабайырлануы (Munalim, 2021).

Қазақ тілінде бұл үрдіс ұлттық бірегейліктің әлсіреуіне алып келуі мүмкін. Себебі бай сөздік қор мәдени құндылықтар мен тарихи мұраны сақтауда маңызды рөл атқарады. Цифрлық дәуірде қазақ тілінің сөз байлығы мен сөздік қорының азаюына жол бермеу үшін лексикалық қорды насихаттауға және дамытуға бағытталған стратегияларды іске асыру қажет. Біздің ұсынамын негізгі шаралар мыналарды қамтиды:

1. Білім беру бағдарламаларында сөз байлығын сақтауға көңіл бөлу. Мектеп пен университеттерде лексикалық қорды дамыту курстарын енгізу. Білім алушылардың жазба жұмыстарының саны мен сапасын өсіру;

2. Дәстүрлі медианы ынталандыру. Лексикалық байлығы жоғары мәтіндермен ерекшеленетін басылымдарды, әлеуметтік медиа құралдарға мемлекеттік қолдау көрсету, қаржылай ынталандыру тетіктерін енгізу. Күрделі мәтіндерді танымал ету. Сирек және бейнелі сөздерді қолдануды ынталандыратын контент әзірлеу (әдеби жобалар, цифрлық кітапханалар, подкастар).

3. Жасанды интеллекті қолдану. Қолданушылар жазған қазақ мәтіндердің сөз байлығын автоматты түрде жақсартуға, синонимдер мен күрделі тіркестерді ұсынуға арналған машиналық оқыту технологияларын жасау, пайдалану. Тілді әлеуметтік онлайн-сервистердің алгоритмдерінде қолдау. Әлеуметтік желілер мен іздеу жүйелері алгоритмдеріне әртүрлі тілдік құрылымдарды, көркем сөздерді, түрлі сөз өрнектерін қолдайтын тетіктерді енгізу.

Зерттеу нәтижелері қазақ тілінің лексикалық байлығын цифрландыру жағдайында сақтау қиындағанын көрсетті. Тілдің сақталуына, қолдану сапасына жанашыр тараптардан дәстүрлі және цифрлық медиа саласында бай лексиканы қолдануды ынталандыруға бағытталған белсенді шаралар сұранып тұр. Атап айтқанда, активті сөздік қорды кеңейту және тілдің дамуы ұлттық бірегейлік пен сәйкестікті сақтауда маңызды рөл атқаратынын түсіндіруге арналған нақты шешімдер мен бағдарламалар қажет.

Жасанды интеллект пен машиналық оқыту технологияларының лексикалық әралуандықты жақсартудағы әлеуетін қолдану жақсы нәтиже береді деп сенеміз. Болашақта осындай технологиялар цифрлық платформалардағы сөздік қорды кеңейтуге және контент жасаушылардың сөз байлығын арттыруға ықпал ететініне сенеміз. Мысалы, мәтіндерді талдайтын және әдемі тіркестер, әдеби сөз өрнектері мен бай иірімдерді ЖИ алгоритмдеріне енгізу арқылы.

Технологиялық өзгерістер мен жаһандық медиа-ресурстардың ықпалы қазақ тілінің цифрлық кеңістіктегі қолданыс аясын тарылтуы мүмкін деген қауіпті елемеуге болмайды. Сыртқы факторлардың ықпалымен бар әлеуетін жоғалтып, қарапайымданған қазақ тілі халықтың мәдени бірегейлігі мен рухани құндылықтарын дамытуға қауқарсыз болып қалады. Қазақ жастарының Instagram желісі мен WhatsApp, Telegram мессенджерлеріндегі жазбаларынан жазбаша және ауызша коммуникациялар арасында айырмашылық жойылып бара жатқанын көреміз. Бүгінгі жастар қалай сөйлесе солай жазатындықтан, лексикалық сипаты тарылған, сауатсыз жазбалар көп кездеседі. Бұдан шығатын қорытынды – өмірдің жылдамдығы үдеген сайын сөйлеу де мобильді формаға ауысып, синтаксистік тығыздығы өсіп, диалогтық, ауызша және жаргондық элементтері басым болып барады.

Цифрландыру жағдайында қазақ тілінің лексикалық байлығын сақтап қалу үшін пайдаланушылар мен авторлар арасында медиа сауаттылықты белсенді дамытуға көңіл бөлінгені дұрыс. Тілдің байлығын насихаттау және медиа тілінің сапасының маңыздылығын түсіндіру – ұлт тілінің цифрлық дәуірде сақталуында, тұғырының биік болуында маңызды рөл атқара алады.

Зерттеудің шектеулері мен болашақ ғылыми ізденістер үшін ұсыныстар

Бұл зерттеу 1990-2024 жылдар аралығында қазақ баспасөзінде жарияланған мақалалар мен әлеуметтік желілердегі постардың сөз байлығын салыстыруға бағытталғанымен, бірнеше шектеулер болғанын да айту керек.

Зерттеудің шектеулері:

Мәтіндердің таңдалу әдісіне қатысты. Зерттеуде «Егемен Қазақстан», «Қазақ әдебиеті» және «Айқын» газеттері мен Facebook пен Twitter-дегі (X) әлеуметтік желілеріндегі материалдар қарастырылды. Алайда, бұл таңдаулар қазақ тіліндегі барлық медиа құралдарды толық қамтымайды, сондықтан зерттеу нәтижелері бүкіл қазақтілді ақпарат кеңістігі үшін әмбебап сипатта болмауы мүмкін.

Контекстуалды факторларды ескеру. Лексикалық байлықтың төмендеуіне әсер ететін факторлар әртүрлі болуы мүмкін (әлеуметтік, саяси, технологиялық өзгерістер, медиа тұтыну дағдыларының өзгеруі). Бұл зерттеуде тек сандық талдау жасалғандықтан, сапалық факторлардың толық әсері қарастырылмады.

Facebook пен Twitter (X) платформаларынан алынған 100 пост бүкіл әлеуметтік желі мәтінде-

рінің толық бейнесін көрсете алмайды. Сондықтан, бұл платформаларда қолданылатын тілдік ерекшеліктер мен контекстік факторлар басқа зерттеулерде жан-жақты талданғаны дұрыс деп санаймыз.

Зерттеу барысында BirOtan lex онлайн-сервисі пайдаланылды. Бұл құрал сөздердің бірегейлігін сандық тұрғыда өлшей алғанымен, метафоралар, идиомалар, сөз қолданысындағы мағыналық өзгерістер сияқты сапалық көрсеткіштерді бағалауға арналмаған.

Болашақ зерттеулер үшін ұсыныстар мыналар:

Болашақ зерттеулерде қазақ тіліндегі басқа да басылымдарды және басқа да әлеуметтік медиа платформаларды (Instagram, Telegram) қамту қажет. Зерттеуге таңдалатын басылымдар мен материалдардың санын, көлемін өсіруді ескерген жөн. Лексикалық байлықтың төмендеуіне ықпал ететін себептерді нақты анықтау үшін сапалық талдауға басымдық беріп, тілдік стиль, риторикалық құрылымдар және семантикалық өзгерістер бойынша талдау жүргізу қажет.

Қазақ тіліне әсер ететін сыртқы факторларды зерттеу үшін цифрлық медиа, интернет-коммуникация және жаһандану үдерістерінің қазақ тілінің лексикалық құрамына қалай әсер ететінін жан-жақты әрі терең зерттеу ұсынылады. Лексикалық байлықтың өзгеруін нақтырақ бақылауда қазақ тіліне арналған табиғи тілді өңдеу (NLP) модельдерін дамытуға көңіл бөлінуі керек. Жасанды интеллект пен тіл өңдеу технологияларын пайдаланып, автоматтандырылған сөз қолданысын байыту жүйелері жасалса, тілдің дамуына оң әсерін тигізетіні анық.

Болашақта осы ұсыныстарды жүзеге асыру арқылы қазақ тілінің сөздік қорын дамытуға, сөз байлығының динамикасын жан-жақты түсініп, оны сақтау жолдарын табуға болады.

Қаржыландыру

Бұл зерттеу мақаласы ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің ғылыми гранты есебінен қаржыландырылды (грант № AP19677579).

Әдебиеттер

- Atmawijaya, T. D. (2022). Analyses of Newspaper Editorials Lexical Richness Released in Three Concentric Circle Nations // *Lexeme: Journal of Linguistics and Applied Linguistics*, 4(1), 13–22. <https://doi.org/10.32493/ljal.v4i1.17651>
<https://openjournal.unpam.ac.id/index.php/LJLAL/article/view/17651>
- Ayadi, M. (2023). Lexical Richness and Syntactic Complexity as Predictors of Academic Writing Performance // *Journal of English Studies in Arabia Felix*, 2(1), 23–33. DOI: 10.56540/jesaf.v2i1.43 https://www.academia.edu/100061577/Lexical_Richness_and_Syntactic_Complexity_as_Predictors_of_Academic_Writing_Performance?utm_source=chatgpt.com
- Bestgen, Y. (2024). Back to Basics in Measuring Lexical Diversity: Too Simple to Be True. *Applied Linguistics*, 45(5), 926–932.
- Bestgen, Y. (2024). Measuring lexical diversity in texts: The twofold length problem. *Language Learning*, 74(3), 638–671. ISSN:1467-9922 <https://doi.org/10.1111/lang.12630>
- Choemue, S., & Bram, B. (2021). Lexical Richness in Scientific Journal Articles: A Comparison between ESL and EFL Writers // *Indonesian Journal of EFL and Linguistics*, 6(1), 147–167. <https://doi.org/10.21462/ijeel.v6i1.349>
<https://www.indonesian-efl-journal.org/index.php/ijeel/article/view/349/pdf>
- Daller, H., Milton, J., & Treffers-Daller, J. (Eds.). (2007). *Modelling and Assessing Vocabulary Knowledge*. References, Cambridge: Cambridge University Press. – pp. 245–262 ISSN 9780511667268 <https://doi.org/10.1017/CBO9780511667268>
<https://www.cambridge.org/core/books/modelling-and-assessing-vocabulary-knowledge/2F7DE557F2F31CF4C46076A174892430>
- Hogeweg, L., & Vicente, A. (2020). On the nature of the lexicon: The status of rich lexical meanings // *Journal of Linguistics*, 56(4). – pp.865–891 doi:10.1017/S0022226720000316
<https://www.cambridge.org/core/journals/journal-of-linguistics/article/on-the-nature-of-the-lexicon-the-status-of-rich-lexical-meanings/67AF296146D8A085760107D1A8CD329F>
- Indarti, D. (2020). Lexical richness of newspaper editorials published in Southeast Asian countries. *Studies in English Language and Education*, 7(1), 55–69.
- Kuhi, D., & Mojood, M. (2019). Metadiscourse in newspaper genre: a cross-linguistic study of English and Persian Editorials. *Procedia-Social and Behavioral Sciences*, 98, 1046–1055.
- Mansurova, M., Madiyeva, G., Aubakirov, S., Yermekov, Z., Alimzhanov, Y. (2017). Design and Development of Media-Corpus of the Kazakh Language. In: Nguyen, N., Papadopoulos, G., Jędrzejowicz, P., Trawiński, B., Vossen, G. (eds) *Computational Collective Intelligence. ICCCI 2017. Lecture Notes in Computer Science*, vol 10449. Springer, Cham.
https://doi.org/10.1007/978-3-319-67077-5_49

- Munalim, L. O. (2021). Lexical richness of one one-paragraph comments on Facebook by university students in ‘Purposive Communication’ course. *International Journal of English for Specific Purposes*, 1(1), 30-68.
- Müngen, A. A. (2023). Exploring Lexical Richness in English-Language theses Across Disciplines: A Comparative Analysis // *Journal of Scientometric Research*, 12(2), 459–468.
<https://doi.org/10.5530/jscires.12.2.042> <https://jscires.org/full-text/6575/>
- Nazeer, I., Hussain, K. G., & Jamshaid, S. (2024). The Evolution of Linguistic Strategies in Digital News Discourse: A Comparative Analysis. *International Journal of Human and Society*, 4(1), 917-930.
- Reviriego, P., Conde, J., Merino-Gómez, E., Martínez, G., & Hernández, J. A. (2024). Playing with words: Comparing the vocabulary and lexical diversity of ChatGPT and humans. *Machine Learning with Applications*, 18, 100602.
- Tami Levitzky-Aviad & Batia Laufer, (2013). Lexical properties in the writing of foreign language learners over eight years of study: single words and collocations / *Eurosla Monographs Series 2 L2 vocabulary acquisition, knowledge and use*, 127-148
<https://eurosla.org/monographs/EM02/Levitzky-Aviad-Laufer.pdf>
- Telgozhayeva, K., Kossymova, G., Sovetova, Z., Telgozhayeva, Kh. (2024). The pragmatism of emotional-expressive words in Kazakh linguistics: A study of M. Auezov’s ‘The Way of Abai’, *Applied Linguistics*, 2024. <https://doi.org/10.1093/applin/amae066>
https://academic.oup.com/applij/advance-article/doi/10.1093/applin/amae066/7832814?utm_source=chatgpt.com
- Varnaeva, A.E. (2024). Russian language in the modern era // *Education. Science. Scientific personnel*, (2). – pp.248-253. doi: 10.24412/2073-3305-2024-2-248-253
<https://cyberleninka.ru/article/n/russkiy-yazyk-v-sovremennuyu-epohu>
- Westlund K., Lee J. J., Plummer L. et al. (2016). Tega: a social robot, in *Proceedings of the 11th ACM/IEEE International Conference on Human-Robot Interaction (HRI)*, (Cambridge, MA). – p. 561
- Wiredu, J. F. (2018). A grammar of newspaper editorial language: The complex Sentence. *Legon Journal of the Humanities*, 23, 75-124.
- Yessenbekova, U., Syzdykova, A., & Kutym, B. (2024). Demand for TV content in a national language: The case of Kazakhstan // *International Journal of Innovative Research and Scientific Studies*, 7(3), 951–964. <https://doi.org/10.53894/ijirss.v7i3.2984>
- Yessenbekova, U., Aldabergenova, Z., Mamankul, A. et al. The Impact of the Digital Format on Kazakh Youth’s Information Consumption and Reading Culture. *Pub Res Q* (2025). <https://doi.org/10.1007/s12109-024-10012-6>
- Zimmerman F. J., Christakis D. A., Meltzoff A. N. (2007). Television and DVD/Video viewing in children younger than 2 years. *Archiv. Pediatr. Adolesc. Med.* 161, 473–479. 10.1001/archpedi.161.5.473
- Дүниежүзілік банктің статистикасы. (2023). Қазақстан және Орта азия елдерінің экономикасына шолу.
https://datacommons.org/place/country/KAZ?utm_medium=explore&mprop=count&popt=Person&cpv=isInternetUser,True&hl=ru
- Есенбекова Ү.М. (2019). Цифрлық дәуірдегі адам және қоғамның трансформациясы (медиапсихологиялық аспект). Ғылыми монография / Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰҰ Ғылыми Кеңесі бекіткен, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰҰ типографиясы. – Астана: 2019. – 227 б. ISBN 978-601-337-202-0

References

- Atmawijaya, T. D. (2022). Analyses of Newspaper Editorials Lexical Richness Released in Three Concentric Circle Nations // *Lexeme: Journal of Linguistics and Applied Linguistics*, 4(1), 13–22. <https://doi.org/10.32493/ljal.v4i1.17651>
<https://openjournal.unpam.ac.id/index.php/LJLAL/article/view/17651>
- Ayadi, M. (2023). Lexical Richness and Syntactic Complexity as Predictors of Academic Writing Performance // *Journal of English Studies in Arabia Felix*, 2(1), 23-33. DOI: 10.56540/jesaf.v2i1.43 https://www.academia.edu/100061577/Lexical_Richness_and_Syntactic_Complexity_as_Predictors_of_Academic_Writing_Performance?utm_source=chatgpt.com
- Bestgen, Y. (2024). Back to Basics in Measuring Lexical Diversity: Too Simple to Be True. *Applied Linguistics*, 45(5), 926-932.
- Bestgen, Y. (2024). Measuring lexical diversity in texts: The twofold length problem. *Language Learning*, 74(3), 638-671. ISSN:1467-9922 <https://doi.org/10.1111/lang.12630>
- Choemue, S., & Bram, B. (2021). Lexical Richness in Scientific Journal Articles: A Comparison between ESL and EFL Writers // *Indonesian Journal of EFL and Linguistics*, 6(1), 147-167. <https://doi.org/10.21462/ijefl.v6i1.349>
<https://www.indonesian-efl-journal.org/index.php/ijefl/article/view/349/pdf>
- Daller, H., Milton, J., & Treffers-Daller, J. (Eds.). (2007). *Modelling and Assessing Vocabulary Knowledge*. References, Cambridge: Cambridge University Press. – pp. 245-262 ISSN 9780511667268 <https://doi.org/10.1017/CBO9780511667268>
<https://www.cambridge.org/core/books/modelling-and-assessing-vocabulary-knowledge/2F7DE557F2F31CF4C46076A174892430>
- Дүниежүзілік банктің статистикасы. (2023). Қазақстан және Орта азия елдерінің экономикасына шолу [Overview of the economy of Kazakhstan and Central Asian countries].
https://datacommons.org/place/country/KAZ?utm_medium=explore&mprop=count&popt=Person&cpv=isInternetUser,True&hl=ru

- Hogeweg, L., & Vicente, A. (2020). On the nature of the lexicon: The status of rich lexical meanings // *Journal of Linguistics*, 56(4). – pp.865–891 doi:10.1017/S0022226720000316
<https://www.cambridge.org/core/journals/journal-of-linguistics/article/on-the-nature-of-the-lexicon-the-status-of-rich-lexical-meanings/67AF296146D8A085760107D1A8CD329F>
- Indarti, D. (2020). Lexical richness of newspaper editorials published in Southeast Asian countries. *Studies in English Language and Education*, 7(1), 55-69.
- Kuhi, D., & Mojood, M. (2019). Metadiscourse in newspaper genre: a cross-linguistic study of English and Persian Editorials. *Procedia-Social and Behavioral Sciences*, 98, 1046-1055.
- Mansurova, M., Madiyeva, G., Aubakirov, S., Yermekov, Z., Alimzhanov, Y. (2017). Design and Development of Media-Corpus of the Kazakh Language. In: Nguyen, N., Papadopoulos, G., Jędrzejowicz, P., Trawiński, B., Vossen, G. (eds) *Computational Collective Intelligence. ICCCI 2017. Lecture Notes in Computer Science*, vol 10449. Springer, Cham.
https://doi.org/10.1007/978-3-319-67077-5_49
- Munalim, L. O. (2021). Lexical richness of one one-paragraph comments on Facebook by university students in ‘Purposive Communication’ course. *International Journal of English for Specific Purposes*, 1(1), 30-68.
- Müngen, A. A. (2023). Exploring Lexical Richness in English-Language theses Across Disciplines: A Comparative Analysis // *Journal of Scientometric Research*, 12(2), 459–468.
<https://doi.org/10.5530/jscires.12.2.042> <https://jscires.org/full-text/6575/>
- Nazeer, I., Hussain, K. G., & Jamshaid, S. (2024). The Evolution of Linguistic Strategies in Digital News Discourse: A Comparative Analysis. *International Journal of Human and Society*, 4(1), 917-930.
- Reviriego, P., Conde, J., Merino-Gómez, E., Martínez, G., & Hernández, J. A. (2024). Playing with words: Comparing the vocabulary and lexical diversity of ChatGPT and humans. *Machine Learning with Applications*, 18, 100602.
- Tami Levitzky-Aviad & Batia Laufer, (2013). Lexical properties in the writing of foreign language learners over eight years of study: single words and collocations / *Eurosla Monographs Series 2 L2 vocabulary acquisition, knowledge and use*, 127-148
<https://eurosla.org/monographs/EM02/Levitzky-Aviad-Laufer.pdf>
- Telgozhayeva, K., Kossymova, G., Sovetova, Z., Telgozhayeva, Kh. (2024). The pragmatism of emotional-expressive words in Kazakh linguistics: A study of M. Auezov’s ‘The Way of Abai’, *Applied Linguistics*, 2024. <https://doi.org/10.1093/applin/amae066>
https://academic.oup.com/applij/advance-article/doi/10.1093/applin/amae066/7832814?utm_source=chatgpt.com
- Varnaeva, A.E. (2024). Russian language in the modern era // *Education. Science. Scientific personnel*, (2). – pp.248-253. doi: 10.24412/2073-3305-2024-2-248-253
<https://cyberleninka.ru/article/n/russkiy-yazyk-v-sovremennuyu-epohu>
- Westlund K., Lee J. J., Plummer L. et al. (2016). Tega: a social robot, in *Proceedings of the 11th ACM/IEEE International Conference on Human-Robot Interaction (HRI)*, (Cambridge, MA). – p. 561
- Wiredu, J. F. (2018). A grammar of newspaper editorial language: The complex Sentence. *Legon Journal of the Humanities*, 23, 75-124.
- Yessenbekova, U., Syzdykova, A., & Kutym, B. (2024). Demand for TV content in a national language: The case of Kazakhstan // *International Journal of Innovative Research and Scientific Studies*, 7(3), 951–964. <https://doi.org/10.53894/ijriss.v7i3.2984>
- Yessenbekova, U., Aldabergenova, Z., Mamankul, A. et al. The Impact of the Digital Format on Kazakh Youth’s Information Consumption and Reading Culture. *Pub Res Q* (2025). <https://doi.org/10.1007/s12109-024-10012-6>
- Yessenbekova U.M. (2019). *Cıfırlıq dāwirdegi adam jāne qoǵamnıń transformacıyası (mediapsixologiyalıq aspekt). Ğılımı monografiya* [Transformation of man and society in the digital era (media-psychological aspect). Scientific monograph] / L.N.Gwmılev atındaǵı EUW Ğılımı Keńesi bekitken, L.N.Gwmılev atındaǵı EUW tipografiyası. – Astana: 2019. – 227 b. ISBN 978-601-337-202-0
- Zimmerman F. J., Christakis D. A., Meltzoff A. N. (2007). Television and DVD/Video viewing in children younger than 2 years. *Archiv. Pediatr. Adolesc. Med.* 161, 473–479. 10.1001/archpedi.161.5.473

Авторлар туралы мәлімет:

Есенбекова Үлбосын Мейірбекқызы (корреспондент-автор) – филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Телерадио және қоғаммен байланыс кафедрасының профессоры м.а. (Астана, Қазақстан, электр. пошта: ultmudde@mail.ru);

Сыздықова Аида Аманқызы – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Журналистика және саясаттану факультетінің докторанты (Астана, Қазақстан, электр. пошта: aidaamanquzy@gmail.com);

Рахымбаев Н.М. – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Журналистика және саясаттану факультетінің докторанты, (Астана, Қазақстан, электр. пошта: nursultan-smi@mail.ru);

Құтым А. – Назарбаев Университеті Жаратылыстану және гуманитарлық мектебінің студенті (Астана, Қазақстан, электр. пошта: akbilge.kutym@nu.edu.kz).

Information about authors:

Yessenbekova Ulbossyn M. (corresponding author) – candidate of philological Sciences, Associate Professor, Acting Professor of the Department of TV, Radio and Public Relations of the Eurasian National University named after L.N. Gumilyov (Astana, Kazakhstan, e-mail: ultmudde@mail.ru);

Syzdykova Aida A. – doctoral student of the Faculty of Journalism and political science of the L.N. Gumilyov Eurasian National University (Astana, Kazakhstan, e-mail: aidaamanqyzy@gmail.com);

Rakhymbayev N.M. – doctoral student of the Faculty of Journalism and political science of the L.N. Gumilyov Eurasian National University (Astana, Kazakhstan, e-mail: nursultan-smi@mail.ru);

Kutym A. – Student of the School of Sciences and Humanities of Nazarbayev University (Astana, Kazakhstan, e-mail: akbilge.kutym@nu.edu.kz).

Келін түсті: 27 ақпан 2025 жыл

Қабылданды: 5 мамыр 2025 жыл